

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Оң жақ сол жақ

ЖАРИЯЛАНДЫ  
24.06.2019СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/58639/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Исмагулова Гулнар Зайнеденовна**

**Мақсаты:** Қағаз парағының оң жағын және сол жағын ажырата білу және кеңістікті бағдарлай білуін (оң жақта-сол жақта), жетілдіру, есте сақтау қабілеттерін арттыру.

**Әдіс-тәсілі:** Сұрақ-жауап, әңгімелету, сергіту сәті, ойын.

**Көрнекілігі:** үлестірмелі құралдар, суреттер, ойыншықтар, қоржын.

**Сөздік жұмыс:** Сол жақта-оң жақта.

**Билингвалды компонент:** Оң жақта-справа, сол жақта-слева,

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<b>Шаттық шеңбер</b> Мынау менің жүрегім, Бәрі осыдан басталған. Мынау басым арқылы Барлық істі атқарған Мынау менің оң қолым Мынау менің сол қолым Барлық істі атқарған.	<b>Балалар қуана, жарыса шаттық шеңберді орындайды</b>

<p><b>Ұйымдастыру-ізденістер</b></p>	<p>-Қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілінде неше ай бар? -Олар қалай аталады? -Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады? -Балалар бір аптада неші күн бар? -Балалар, бүгін аптаның қай күні? Өте жақсы, жарайсыңдар! Бүгінгі оқу қызметіміз қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру. Өткен тақырыпты бір қайталап жіберейік.</p> <p><b>Биік-высокий, аласа-низкий.</b> Бүгінгі тақырыбымыз <b>«Оң жақта- сол жақта»</b> Балалар оң жағымыз бен сол жағымызды көрсетейікші. -Оң жағымызда не тұр? -Есік. -Ал сол жағымызда ше? -Терезе -Балалар бізге біреу есік қағып тұрған сияқты. -Сәлем балалар! Есіктен Тапқышбек кіреді, қолында конверт. -Сәлеметсіз бе, сіз кім боласыз? -Мен Тапқышбекпін! -Сәлеметсіздер ме! -Мен математика патшалығынан келдім. Мына конвертте тапсырмалар бар. Соған жауап бересіңдер, мен сендерге сыйлық беремін. Келістік пе? Тапқышбек сіз біздің балалардың сабағын тыңдаңыз. (Тапқышбек, орындыққа отырады) -Олай болса балалар, Тапқышбектің тапсырмаларын шешейік Тәрбиеші тапсырманы орындатады.</p> <p><b>1—тапсырма:</b> <b>«Кілемшедегі пішіндер»</b> <b>Ойын шарты:</b> геометриялық пішіндерді балалар қандай пішін екенін айырып, орындарына орналастыру арқылы кілемше құрастыру. Жарайсыңдар Балалар!</p> <p><b>2-тапсырма: «Оң және сол»</b> Ойынның мақсаты: үлкен және кіші заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны: Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді. Балалар тұрып бойымызды сергітейік. <b>Сергіту сәті:</b> Орнымыздан тұрайық, Мойнымызды бұрайық. Қолымызды көтеріп, Алақанды созайық.</p> <p><b>3-тапсырма:</b> <b>«Сәйкестіндіру» әдісі</b> <b>Ойын шарты:</b> <b>«Пішіндерді ұяшықтарға орналастыру»</b> Балаларға үлестірмелі карточкалар беріледі. Балалар осы карточканы ұяшықтарға орналастыру.</p>	<p>-Көктем мезгілі. — Көктем — Үш ай бар — Наурыз, сәуір, мамыр -Күн жылынып, қар еріп, адамдар қалың киімін шешіп, жұқа киіне бастайды. -Жеті күн бар -Сәрсенбі</p> <p>Балалар жауап береді.</p> <p>Балалар мұқият тыңдап тапсырманы орындайды.</p> <p>Балалар ойынды қызыға ойнайды.</p> <p>Қимыл-қозғалыс арқылы сергіту сәтін орындайды.</p>
--------------------------------------	---	--

<b>Рефлексивті-түзетуші</b>	Тапқышбектің балаларға тапсырмаларды дұрыс орындаған үшін рахмет айтады. Балалар бүгінгі сабақта, Тапқышбектің тапсырмасын дұрыс орындадыңдар. Сабаққа жақсы қатыстыңдар. Жарайсыңдар!	Балалар мен қоштасады сыйлығын береді.
-----------------------------	--	--

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Оң жақ-сол жақ туралы ұғымдарды,

мезгіл туралы ұғымдарды;

**Нені игереді:** үлкен және кіші заттарды ажыратуды;

**Нені білді:** Дайын пішіндерді дұрыс ұяшықтарға орналастыруды.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.